ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қаржы нарығына шолу

2020 жылғы I тоқсан

Алматы, Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарыққа қатысушылар үшін өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер жария етіледі.

Құжатты Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында электрондық нұсқада жарияланады.

I. 2020 жылғы I тоқсанда қаржы нарығындағы ахуал

Банкаралық мәмілелер сегментін және өтімділіктің бастапқы нарығындағы кейбір операцияларды қоспағанда, қаржы нарығындағы операциялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та (бұдан әрі – KASE) жүргізіледі.


Биржадағы сауда-саттықтың негізгі үлесі ақша және валюта нарықтарына тиесілі. 2020 жылғы қаңтар-наурызда биржадағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 32,0 трлн теңге, оның ішінде:

- репо операциялары нарығы – 23,6 трлн теңге (73,6%);
- своп нарығы – 4,1трлн теңге (12,9%);
- шетел валютасының нарығы – 3,2 трлн теңге (9,9 %) болды.

Қаржы министрлігінің МБҚ орналастыру көлемі 203,0 млрд теңгені құрады.

1-график

Биржадағы сауда-саттық көлемі, трлн теңге



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

1. Ақша нарығындағы ахуал

2020 жылғы I тоқсанда базалық мөлшерлеме бойынша бір кезектен тыс және екі кезекті шешім қабылданды. 3 ақпанда базалық мөлшерлеме +/-1 п.т. пайыздық дәлізімен 9,25% деңгейінде сақталды. 10 наурызда қаржы нарығына бастапқы сыртқы күтілмеген өзгерістердің әсерін шектеу мақсатында базалық мөлшерлемені пайыздық дәлізін +/-1,5 п.т. кеңейте отырып, 12%-ға дейін көтеру туралы кезектен тыс шешім қабылданды. 16 наурызда базалық мөлшерлеме 12% деңгейінде сақталды.

Қаңтар – ақпанда ақша нарығының мөлшерлемелері көбінесе базалық мөлшерлеме жанында қалыптасты. 2020 жылғы наурыздың басынан бері ақша нарығының мөлшерлемелері валюта нарығында АҚШ долларының пайдасына конверсиялық операциялар өсуі салдарынан теңгелік өтімділікке сұраныс артуы аясында пайыздық дәліздің жоғары шегінде болды.

Ақпанның соңынан бастап Ұлттық Банктің өтімділігін ұсыну операциялары бойынша көлемдер ұлғайды. KASE-де валюталық своптармен сауда-саттық көлемі теңгелік өтімділікке артық сұраныс аясында төмендеді. Валюталық своптар бойынша мөлшерлемелердің өсуі ақша нарығында мөлшерлемелер жалпы артуы аясында орын алды.

А) МБҚ-мен авторепо нарығы


Мұнай бағасы төмендеуі және коронавирустың жаһандық таралуы аясында әлем экономикасы өсімінің перспективасы нашарлау нәтижесінде наурыздың басынан бастап макроэкономикалық жағдайдың біршама өзгеруі ақша нарығының барлық сегменттеріне әсер етті.

Тоқсан ішінде ақша нарығы артық өтімділік жағдайында жұмыс істеуін жалғастырды. Бұл ретте наурыздың басынан бастап валюта нарығында АҚШ долларының пайдасына конверсиялық операциялар өсуі нәтижесінде теңгелік өтімділікке сұраныс артуы аясында банк секторындағы профицит төмендеді. Егер ақпанның соңында Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция 4,4 трлн теңге болса, наурыздың соңында ол 17,2%-ға 3,6 трлн теңгеге дейін төмендеді.

Қаңтар-ақпанда ақша нарығының TONIA таргеттелетін мөлшерлемесі банк секторында өтімділік профициті аясында пайыздық дәліздің төменгі шегі мен Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі деңгейі арасында қалыптасуын жалғастырды. РЕПО нарығында 1 күннен астам мерзімі бар қарыз алу құны көбінесе базалық мөлшерлеме жанында қалыптасты (2-график). Ақпанның соңында мөлшерлемелер салық төлемдері кезеңінде өсті. Тоқсанның алғашқы екі айында 1 күндік репо мәмілелер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 8,33%-10,24%, 7 күндік мерзімімен – 8,80%-9,75%, 14 күндік мерзімімен – 9,00%-10,20%, 28 күндік мерзімімен – 9,08%-10,20% аралығында өзгерді.

Теңгелік өтімділікке артық сұраныс, сондай-ақ базалық мөлшерлемені өсіру барлық уақыттық сегменттерде қарыз алудың тиісті қымбаттауына әкелді. Наурызда орташа алынған мөлшерлемелер нысаналы дәліздің жоғары шегінде қалыптасты және олардың 1 күндік репо бойынша орташа алынған мәні 8,68%-13,48%, 7 күндік мерзімімен – 9,53%-13,32%, 14 күндік мерзімімен – 9,29%-13,45%, 28 күндік мерзімімен – 9,54%-13,5% аралығында өзгерді.


2-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Ақпанның соңында және наурызда мөлшерлемелердің өсуі бір күндік репо нарығында ашық позициялардың тиісті өсімімен бірге орын алды (3-график). МБҚ авторепо нарығында мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 24,7%-ға 23,1 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Жалпы көлемде бір күндік мәмілелер көлемі басым болып келеді – 95,6%. МБҚ бір күндік авторепо нарығында мәмілелердің орташа бір күндік көлемі бір күнде 300,3 млрд теңге болды.

3-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


Репо овернайт нарығы

Банктердің репо овернайт нарығындағы өтімділікке сұранысы біршама артты, бұл Ұлттық Банк мәмілелерінің үлесі төменгі шек бойынша төмендеуіне әкелді. Тоқсан ішінде теңгелік өтімділікке сұраныс өсуінің негізгі екі кезеңі - ақпанда мен наурызда байқалды. Ақпанның соңына маусымдық фактор тиесілі (салық аптасы). Бұл уақытта тоқсандық салықтар төленеді, сондықтан төлемдердің қомақты көлемі өтеді. Әлемдік қаржы және тауар нарықтарында жағдай нашарлау салдарынан айырбастау бағамы құнсыздану аясында наурызда ақша нарығынан валюта нарығына өтімділіктің алыпсатарлық артық ауысуы байқалды.

2019 жылғы қазанның ортасынан бастап Ұлттық Банктің ұлттық валютада өтімділікті ұсыну және алу бойынша қосымша аралық ашылуы негізгі сессияда Ұлттық Банктің қатысу үлесі 2019 жылғы қазанда ора есеппен 35%-дан 2020 жылғы қаңтарда орта есеппен 14%-ға дейін төмендеуіне және, тиісінше, мөлшерлемелердің біршама нарықтық қалыптасуына ықпал етті. Бұл ретте ақпанның соңынан бастап наурыз аралығында Ұлттық Банк негізінен өтімділікті негізгі сессияда ұсынды. Өтімділікті ұсыну бойынша қатысу үлесі екі айда орташа алғанда шамамен 24% болды. Ең жоғары мән 17 наурызда – 70% болды.

4-график

Репо овернайт нарығының құрылымы



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


Банктер бұрынғыдай репо нарығының негізгі қатысушылары болып қалуда (4-график). Орташа алғанда олардың өтімділікті тарту бойынша операцияларының үлесі нарықтың жалпы көлемінен 2019 жылғы IV тоқсанда 62,4%-дан 2020 жылғы I тоқсанда 75,3%-ға дейін өсті.

Теңге өтімділігіне сұраныстың өсуі аясында өтімділікті уақыт бойынша бөлу барынша біркелкі болды (5-график). 30 наурыздан бастап елде енгізілген ТЖ режимінің салдарынан Ұлттық Банк тұрақты қолжетімділік операцияларын, оның ішінде валюталық своп пен РЕПО-ны KASE-де Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 10:00 бастап 13:00-ге дейін өткізді.


5-график

Өтімділікті уақыт бойынша бөлу, лог. шкала

2019 жылғы IV тоқсан



2020 жылғы I тоқсан




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Қаңтардан бастап ақпан аралығында бір күндік репоның орташа алынған мөлшерлемесін бір күн ішінде қалыптастыру жекелеген кезеңдерді қоспағанда, көбінесе төмендеу траекториясы бойынша орын алды (6-график). Наурызда теңгеге жоғары сұраныс мөлшерлемелердің жоғары шекте қалыптасуына және олардың бір күн ішінде құбылу амплитудасына ықпал етті.

6-график

Репо овернайт мөлшерлемелерінің бір күн ішінде өзгеруі




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Ұлттық Банктің ақпанның соңынан бастап өтімділікті ұсыну бойынша қатысу үлесі артуына қарамастан, Ұлттық Банктің мәмілелерінен тазартылған TONIA мөлшерлемесі алдыңғы тоқсандағы сияқты ең төменгі ауытқуды көрсетуде (7-график).

7-график

Ұлттық Банкпен жасалған мәмілелерден тазартылған репо овернайт мөлшерлемесі



Дереккөз: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы


Б) Своп нарығы

Своп нарығында мәмілелердің негізгі көлемі 2 күндік мерзіммен жасалды, бұл операциялардың үлесі 2020 жылғы I тоқсанда 72,3% (IV тоқсанда 70,1%) болды. Бұл ретте екі күндік своп мәмілелері нарығының орташа айналымы өткен тоқсанмен салыстырғанда бір күнде 13,1%-ға 53,4 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Бір күндік своп операциялары бойынша қосымша сессиядағы мәмілелердің үлесі 2020 жылғы I тоқсанда төмендеп, бір күндік своп нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемінен 0,9% болды (2019 жылғы IV тоқсанда 1,4%).


СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңге өтімділігіне сұраныстың жоғары кезеңдеріне тән өсімді көрсетті. 2 күндік своп мәмілелері бойынша мөлшерлемелер 7,76%-13,97% ауқымында, ал мерзімділігі 1 күндік мәмілелер бойынша – 7,14%-14,44% аралығында (8,9-графиктер) өзгерді.

8-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

9-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк

В) Ұлттық Банктің ақша нарығындағы өтімділікті реттеу бойынша операциялары

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының мақсаты TONIA таргеттелетін көрсеткішін базалық мөлшерлеменің деңгейіне жақын пайыздық дәліз шегінде ұстап тұру болып табылады. 2020 жылғы I тоқсан ішінде Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейінен асатын мөлшерлемелер бойынша операциялар жүргізді (10,11-графиктер). Өтімділік профицитінің өсуі аясында Ұлттық Банк ноттарының аларының жалпы көлемі ақпанның соңына және наурыздың басына қарай тоқсан ішінде ең жоғары мәндерге жетіп – 4,1 трлн теңге болды.


Наурызда теңге өтімділігіне сұраныстың артуы аясында Ұлттық Банктің өтімділігін алудың барлық құралдары бойынша көлемдердің төмендеуі байқалды. 2020 жылғы I тоқсанның соңында депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция өткен тоқсанмен салыстырғанда 3 есе төмендеді. Ұлттық Банк ноттарымен өтімділікті алудың жалпы көлемі өткен тоқсан деңгейінде қалыптасты. Бұл ретте 6 және 12 айлық ноттардың үлесі 2019 жылғы желтоқсанның соңындағы 56%-дан 2020 жылғы наурыздың соңында 67%-ға дейін артты (12-график)

10-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк

11-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк

12-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ұлттық Банктің тұрақты **қолжетімді операциялары** ретінде **өтімділікті алу** бойынша қысқа мерзімді мәмілелер: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері; өтімділікті **беру бойынша**: кері репо және валюталық своп

овернайт мәмілелері (13-график) пайдаланылды. Тоқсанның екінші жарысынан теңге өтімділігіне жоғары сұраныс аясында өтімділікті беру бойынша операциялар көлемінің өсуі байқалды.

13-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2. Валюта нарығындағы жағдай

2020 жылғы I тоқсанда валюта нарығында әртүрлі бағыттағы үрдістер байқалды. Қаңтар-ақпанда ішкі нарыққа шетел валютасының әкелінуі, салық міндеттемелерін орындау және Ұлттық қордың валюталық активтерін конвертациялау үшін экспорттаушылардың валюта түсімді сатуы аясында теңге нығая түсті. Алайда наурызда ОПЕК+ елдері арасындағы уағдаластықтың болмауы нәтижесінде мұнай бағасының күрт төмендеуі, Ресей рублінің әлсіреуі және әлемде коронавирустың тез таралуы аясында жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуі ішкі валюта нарығына қысым көрсетті. Нәтижесінде, 2020 жылғы I тоқсанының қорытындысы бойынша теңге бір АҚШ долларына қатысты 17%-ға әлсіреді.


А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы және ішкі факторлары

ОПЕК+ мәмілесін бұзу нәтижесінде 2020 жылғы наурыздың басында мұнай бағасы наурыздың қорытындысы бойынша жыл басынан бастап 2,9 есеге дейін бір баррель үшін 22,7 АҚШ долларына төмендеді. Қолайсыз сыртқы факторлар аясында Ресей рублі 27%-ға әлсіреді. Қытай юані мен Еуро тиісінше 1,7%-ға және 1,6%-ға аздап әлсіреді (14-график)

14-график

Валюталар серпіні және мұнай бағасы

(2019 жылғы 30 қыркүйек = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters, Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банктің есептері

1-қосымша

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2019 жылғы I тоқсан ішінде дамушы елдердің валюта бағамдарының серпіні[1] бір АҚШ долларына қарағанда мынадай түрде қалыптасты:

Үндістан рупиясы тәуекелге ұшырағыштықтың жаһандық төмендеуі аясында 6%-ға әлсіреді (71,38-ден 75,63-ке дейін). Шетелдік инвесторлардың әлемде коронавирустың таралуына байланысты қауіптенуі жергілікті қор және борыштық нарықтардан Bloomberg деректері бойынша наурызда 15 млрд АҚШ доллары шамасында капиталдың жаппай әкетілуіне әкеп соқты. Бұл ретте мұнай бағасының құлдырауы нәтижесінде сауда талаптарының жақсаруы Үндістанның ұлттық валютасы бағамының одан әрі әлсіреуін біршама шектейді. Экономиканы қолдау үшін Үндістанның Резервтік банкі негізгі мөлшерлемені 75 б.п. 4,4%-ға дейін төмендетті, сондай-ақ банк секторының өтімділігін 50 млрд АҚШ доллары көлемінде ұлғайтуға арналған шаралар туралы жариялады.

Түрік лирасы 11,3%-ға әлсіреді (5,95-тен 6,62-ге дейін). Тоқсан ішінде ұлттық валюта бағамының серпініне әртүрлі факторлар әсер етті. 2020 жылғы алғашқы екі айда Түрік лирасының құнсыздануына Түркия мен РФ арасындағы Сириядағы әскери қақтығыстың ушығуына байланысты геосаяси тәуекелдердің өсуі әсер етті. Наурызда капиталдың әкетілуі және елде коронавирустың таралуының экономикалық салдарларына қатысты қауіпке байланысты әлсіреу жалғасты. Түрік қор биржасының деректері бойынша наурызда шетелдік инвесторлар жергілікті акцияларды 1 млрд АҚШ доллары сомасына сатты. Түркияның Орталық Банкі апталық репо бойынша негізгі мөлшерлемені 1 п.т. 9,75%-ға дейін шұғыл төмендетті, сондай-ақ ұлттық және шетел валюталарында өтімділікті беру бойынша бірқатар шараларды ұсынды.

Индонезия рупиясы 17,6%-ға әлсіреді (13 866 бастап 16310 дейін). Индонезияның Орталық Банкі құбылмалылықты төмендету мақсатында белсенді түрде валюталық интервенция жүргізді. Наурыздың қорытындысы бойынша халықаралық резервтер 9,5 млрд АҚШ долларына (120,97 млрд АҚШ долларына) азайды. Айырбастау бағамының құнсыздануына әлемдік нарықтағы құбылмалылығының өсімі басты себеп болды, Индонезияның Орталық Банкінің наурыздағы деректері бойынша ол 104,7 трлн рупий (~6,4 млрд АҚШ долл.) құрады. Сонымен қатар, Үкімет жылдық экономика өсімін қайта қарап, оның қарқынын екі есеге жуық 2,3%-ға дейін (5,3% - алдыңғы болжам) төмендетті. Короновирустың жағымсыз салдарын жеңілдету мақсатында Индонезияның Орталық Банкі негізгі 7-күндік репоға мөлшерлемені 50 н.т.-тан 4,5%-ға дейін төмендетті.

Мексика песосы инвесторлардың коронавирус індетінің салдарына қатысты алаңдаушылығым аясында 25%-ға (18.93-тен 23.67-ге дейін) әлсіреді. 2019 жылы ЖІӨ-нің біршама теріс өсуін ескере отырып (-0,1%), 2020 жылы экономикалық белсенділіктің бұрынғыдан әлдеқайда қысқаруы күтілуде. Қаржы министрлігі ІЖӨ-нің 3,9% төмендеуін және бюджет дефицитінің 4,4%-ға дейін ұлғаюын болжайды (2,6%-дан - бастапқы болжам). Шетелдік капиталдың кетуі де Үкіметтің коронавирусқа қарсы біршама қарапайым шараларына байланысты алаңдаушылық тудыруда. Мемлекет басшысы фискалдық ынталандырудан бас тартты және инфекцияның таралуынан зардап шеккен


[1] АҚШ долларына көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын дамушы елдердің валюталары

компанияларға көмек көрсетпейтінін айтты. S&P елдің тәуелсіз рейтингін сыртқы күтпеген өзгерістерге байланысты теріс болжаммен BBB деңгейіне дейін бір сатыға төмендетті. Бұл ретте Мексиканың Орталық Банкі бағамның әлсіреуі инфляцияға көшу әсеріне қатысты алаңдаушылыққа қарамастан, негізгі мөлшерлемесін 50 н.т.-қа 6,5%-ға дейін түсірді.

Ресей рублі 2020 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша 27%-ға (61,95-тен 78,58-ге дейін) әлсіреді. Рубльдің құнсыздануы коронавирустың Қытайдан тыс жерлерге тез таралуы туралы хабарламалардан кейін басталды және ОПЕК+ елдерінің мәмілесі шеңберінде келісімге қол жеткізілмегеннен кейін жеделдеді, нәтижесінде Brent маркалы мұнай бағасы күрт төмендеді. Сарапшылардың бағасы бойынша, ФЗО нарығындағы бейрезиденттердің үлесі бір айда 284 млрд рубльден 2,9 трлн рубльге дейін (~ 3,6 млрд АҚШ доллары)төмендеуі мүмкін.

Оңтүстік Африка ранды 27,4%-ға (14-тен 17,84-ке дейін) әлсіреді. Коронавирус пандемиясынан туындаған ел экономикасы үшін жағымсыз салдарлардың аясында наурыздың аяғында елдің рейтингін инвестициялық деңгейде бағалаған жалғыз Moody's рейтинг агенттігі оны Ba1 алыпсатарлық деңгейіне дейін төмендетті. Болжам бойынша бюджет тапшылығының кеңеюін ескере отырып, оны қаржыландыру елдің құлдырауына байланысты одан да қиындай түсетін болады. Bloomberg-тің деректері бойынша, наурыз айында шетелдік инвесторлар шамамен 3 млрд АҚШ доллары сомасына мемлекеттік бағалы қағаздарды сатқан.

Бразилия реалы коронавируспен күресу және шаралардың нәтижесінде және шетелдік капиталдың кетуімен байланысты елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі аясында 29,6%-ға (4.02-ден 5.21-ге дейін) әлсіреді. Наурызда бейрезидент Бразилия қор биржасынан кетуі шамамен 4,6 млрд АҚШ долларын құрады (2008 жылдан бергі ең жоғары мән). Бразилияның Қаржы министрлігі мен Орталық банкі 2020 жылы ЖІӨ-нің төмендеуіне қатысты сарапшылардың жағымсыз болжамдарына қарамастан, экономикалық өсу болжамын 0,02% -ға дейін (алдыңғы болжам - 2,2%) төмендетті. Реттеуші негізгі мөлшерлемені тарихтағы ең төмен минимумы 3,75%-ға дейін түсірді. Экономика министрі негізінен тұрмыс жағдай төмен және бейресми жұмыспен қамтылған азаматтарды қолдауға және аз дәрежеде пандемиядан зардап шеккен бизнесті қолдауға бағытталған әлеуметтік шығындарға бағытталған 750 млрд реал (143 млрд АҚШ доллары) мөлшерінде жоспарланған қолдау шаралары туралы жариялады.



Валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін арттыру үшін Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп шетел валютасының ұсынысын ұлғайту бойынша шаралар кешенін қабылдады. Мұнда экспорттық валютадағы түсімдердің бір бөлігін міндетті сату және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шетел валютасындағы депозиттерін Қазақстан Республикасының банктеріндегі есепшоттарға аударуы, заңды тұлғалардың шетел валютасын сатып алу / сату талаптарын қатайту жатады. Қабылданған шаралар валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігінің артуына ықпал етті (15-график).


Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк 2020 жылдың ақпан-наурыз айларында шетел валютасын сату түрінде интервенция жүргізді, оның нетто-көлемі 1,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, валюталық ұсыныстың төмендеуі және теңгенің бағамына күрт қысым көрсету жағдайында, Франкфурт аукцион әдісі валюталық сауда-саттықта алғаш рет іске қосылды. Бұл шара бағамға алыпсатарлық қысымды төмендетуге бағытталған.

2020 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бір доллар үшін 382,6-дан 447,67 теңгеге дейін 17,0%-ға әлсіреді.

15-график

АҚШ долларын сатуға және сатып алуға өтінімдер саны



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


Б) Валюта нарығының жекелеген сегменттеріндегі жалпы жағдай

2020 жылғы I тоқсанда биржалық валюта сауда-саттығына қатысушылардың белсенділігі біршама ұлғайды. USD/KZT валюталық жұбының биржалық сауда-саттығының жалпы көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 17,0%-ға өсіп, 7,9 млрд АҚШ долларын (2019 жылғы IV тоқсанда – 6,8 млрд АҚШ долларын) құрады.

Банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 30,6 млрд АҚШ долларына дейін 1,4%-ға шамалы ұлғайып (2019 жылғы IV тоқсанда – 30,2 млрд АҚШ доллары), іс жүзінде сол деңгейде қалды (16-график).

16-график

Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк


В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

2020 жылғы қаңтар-ақпанның ішінде теңге АҚШ долларына қатысты біртіндеп нығайды және бір АҚШ доллары үшін 375,94 және 382,14 аралығында өзгерді. Қаңтар-ақпанда ең төменгі және ең жоғарғы мән аралығындағы айырма 1,6% болды. Қаралып отырған кезеңде сауда-саттық көлемі орташа алғанда алдыңғы тоқсандағы деңгейде – 111,7 млн АҚШ доллары (2019 жылғы IV тоқсанда – 107,5 млн АҚШ доллары) болды.

Наурыздың басында мұнай нарығының және әлемдік қаржы нарықтарының құлдырауына байланысты Қазақстанның валюта нарығында жоғары құбылмалылық байқалды.Наурызда теңге күрт әлсірей бастады, 2020 жылғы 19 наурызда бір АҚШ доллары үшін ең жоғары деңгей 448,5 теңгеге жетті. Биржа нарығына қатысушылардың белсенділігі де бірден өсті, 2020 жылғы 10 наурызда сауда-саттықтың ең жоғары бір күндік көлемін (502,5 млн АҚШ долларын) көрсетті. 2020 жылғы наурызда орташа алғанда бір күнде сауда-саттық көлемі 192,0 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылғы қаңтар-ақпандағы деңгейден 72%-ға жоғары.

17-график

Валюта биржасындағы сауда-саттық көлемі және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының серпіні




Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банк

2020 жылғы I тоқсанда валюта нарығында 32%-дан астам мәміле жасалатын сауда күні ішінде негізгі шегі сауда-саттықты ашуға – күндізгі сағат 10:15 және 10:45 уақыт аралығына тиесілі (2019 жылғы IV тоқсанда – 30,3%) (18-график).

18-график

Сауда-саттық көлемін уақыт бойынша бөлу, сауда-саттықтың жалпы көлемінен %, лог. шкала




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Биржа нарығындағы мәмілелердің түрлері бөлігінде спот, валюталық своп және фьючерс бойынша операциялар өтеді. 2019 жылғы I тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі (спот, валюталық своп және фьючерс мәмілелерін қоса алғанда) өткен тоқсанмен салыстырғанда 8,7%-ға дейін (2019 жылғы IV тоқсанда – 20,3 млрд АҚШ доллары) азайып, 18,6 млрд АҚШ долларын құрады. Қарастырылып отырған кезеңде валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 10,6 АҚШ долларына дейін 21,6%-ға төмендеді (2019 жылғы IV тоқсанда – 13,6 млрд АҚШ доллары). Жалпы алғанда, валюталық своп операцияларының жалпы көлемі мәміле спотының көлемінен 34,1%-ға асып түст. (19-график).

19-график

Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк

Своп нарығында бір және екі күндік, апталық және бір айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 2020 жылдың I тоқсанында бір күндік валюталық своптар жөніндегі мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 28,5%-ға азайып, 2,9 млрд АҚШ долларын (2019 жылдың IV тоқсанында – 4,0 млрд АҚШ доллары) құрады; екі күндік валюталық своптар бойынша – 18,5%-ға төмендеп, 7,6 млрд АҚШ долларын (2019 жылдың IV тоқсанында – 9,4 млрд АҚШ доллары) құрады.

Апта сайынғы және ай сайынғы своптар бойынша мәмілелер өте сирек жүргізілді, және олардың жалпы көлемдегі үлесі әлі де аз және 1,4%-ды құрайды. Апта сайынғы және ай сайынғы своптар бойынша мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 26,8%-ға азайып, 150,0 млн АҚШ долларын (2019 жылдың IV тоқсанында – 205 млн АҚШ доллары) құрады (20-график).

20-график




Дереккөз: Қазақстан қор биржасы


2020 жылғы қаңтар-ақпанда биржа нарығында қалыпты құбылмалылық және теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдары арасында өте төмен спредтер байқалды. Наурыздың басынан бастап теңгенің айырбастау бағамының құбылмалылығы біртіндеп жоғарлады және теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының бірден 7%-ға әлсіреуі кезінде 2020 жылғы 16 наурызда ең жоғарғы шегіне жетті. Айырбастау бағамы құбылмалылығы деңгейінің артуы наурызда теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдарының арасындағы спредтердің 4 теңгеге дейін ұлғаюына әсер етті (21-график).

21-график

Валюта биржасындағы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Биржа нарығындағы теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдарының арасындағы спреді



Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банктің есептері


Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Мәмілелер типтері бөлігінде банкаралық валюта нарығында спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар жүргізіледі. 2020 жылғы I тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 18,9%-ға төмендеді және баламасында 53,9 млрд АҚШ долларын құрады (2019 жылғы IV тоқсанда – 66,4 млрд АҚШ доллары). Спот мәмілелердің көлемі биржадан тыс валюталық своп көлемінен 35,6%-ға артты. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлемінде форвардтық мәмілелердің үлесі әлі де аз және 2020 жылғы I тоқсанда 1,4% болды (22-график).

22-график

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелер типі бойынша сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

Биржалық спот операцияларынан асып түсетін банкаралық спот операцияларының айтарлықтай көлеміне қарамастан, осы мәмілелердің басым саны мен көлемдері валюталық мәмілелерге, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша операциялар да көрсетіледі. Мысалы, 2020 жылғы I тоқсанда басым

жағдайда бір еншілес банктің меншікті капиталын валюталық тәуекелдерден хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 18,5 млрд АҚШ долларын немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінен 60,6%-ды (2019 жылғы IV тоқсанда – 63,5%) құрады. Аталған операциялар банктік топ ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының көлеміне және тиісінше, теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына әсер етпеді (23-график).

23-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша мәмілелерсіз банкаралық нарықтағы спот сауда-саттықтың көлемі біршама аз және биржалық валюта нарығындағы спот сауда-саттық көлемімен салыстырмалы. 2020 жылғы I тоқсанда меншікті капиталды хеджирлеу бойынша мәмілелерді қоспағанда, банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың көлемі 12,0 млрд АҚШ долларын құрады, ол алдыңғы тоқсанға қарағанда 9,3%-ға көп (2019 жылғы IV тоқсанда – 11,0 млрд АҚШ доллары).


Биржадан тыс валюта нарығындағы валюталық своп мәмілелері

Биржадан тыс валюта нарығында валюталық своп бойынша мәмілелер жүзеге асырылады, олардың қатысушылары банктер ғана емес, сол сияқты бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары болып табылады.

2020 жылғы I тоқсанда валюталық своп бойынша операциялардың көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 36,0%-ға төмендеді және 22,5 млрд АҚШ долларын (2019 жылғы IV тоқсанда – 35,2 млрд АҚШ долларын) құрады. Своп нарығындағы операциялардың негізгі көлемі – 78,5% (2019 жылғы IV тоқсанда – 78,2%) АҚШ доллары бойынша басқа валюталармен мәмілелерге тиесілі болды. Валюталық своптардың АҚШ доллары және теңге бойынша үлесі своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 19,6% (2019 жылғы IV тоқсанда – 20,0%) құрады (24-график).

24-график

Биржадан тыс своп нарығында валюталар бойынша операциялар



Дерекөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі


Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

Биржадан тыс валюта нарығында қатысушылары банктер ғана емес, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары болып табылатын жеткізілімді және жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша мәмілелер жүзеге асырылады.

2020 жылғы I тоқсанда форвард бойынша операциялардың көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 28,0%-ға төмендеп, 756,0 млн АҚШ долларын (2019 жылғы IV тоқсанда – 1050,5 млн АҚШ долларын) құрады. Форвард нарығында операциялардың негізгі көлемі – 82,4% (2019 жылғы IV тоқсанда – 78,3%) АҚШ доллары және теңге бойынша мәмілелерге тиесілі болды. Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвард мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі форвард нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 12,0% (2019 жылғы IV тоқсанда – 19,8%) болды (25-график).

25-график

Форвард нарығындағы валюталар бойынша операциялар



Дерекөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі


Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Thomson Reuters деректеріне сәйкес 2020 жылғы қаңтар-ақпанда доллар-теңге жұбы бойынша жеткізілімсіз валюталық форвардтарға (NDF) баға белгілеу салыстырмалы

түрде тұрақты серпінді көрсетті. Бірақ наурызда NDF-ке баға белгілеу бірден өсті. 3-айлық валюталық форвардтар бойынша мөлшерлемелердің ең жоғарғы мәні 2020 жылғы 19 наурызда мұнай бағасын белгілеудің бір баррель үшін айтарлықтай 25 доллар белгісінен төмен құлдырағаннан кейін жылдық көрсеткіште 38,9% деңгейінде белгіленді. Орташа алғанда наурызда айырбастау бағамы бойынша күтулер теңгенің биржалық айырбастау бағамының деңгейінен – 3-айлық валюталық форвардтар бойынша 14,4%-ға, 12-айлық валюталық форвардтар бойынша 11,0%-ға жоғары қалыптасты. Бұл серпін белгісіздік пен ұлттық валютаның әлсіреуін күтуден инвесторлардың тәуекел-сыйлықақыларының артуын көрсетеді.

2020 жылғы I тоқсанда айырбастау бағамы бойынша күтулер биржалық айырбастау бағамы деңгейінен 12-айлық валюталық форвардтар бойынша 8,6%-ға жоғары (2019 жылғы IV тоқсанда – 8,0%), 3-айлық валюталық форвардтар бойынша жылдық көрсеткіште 8,0%-ға (2019 жылғы IV тоқсанда – 87,0%) қалыптасты (26-график).

26-график



Дерекөзі: Қазақстан қор биржасы, Thomson Reuters, Ұлттық Банктің есептері

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2020 жылғы I тоқсанда халық 536,9 млрд. теңгеге барабар сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды (2019 жылғы IV тоқсанда – 827,5 млрд теңге). Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда сатып алу 35,1%-ға азайды.


Халықтың шетел валюасын сатып алу шығыстарының айтарлықтай азаюы бірнеше факторға байланысты. Біріншіден – бұл 2020 жылғы қаңтар-ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы және соған сәйкес халықтың сол сәттекездегі теңгенің әрі қарай әлсіреуіне қатысты күтулерінің бәсеңдеуі. Екіншіден – бұл әлемнің көптеген елдерінде коронавирустың тез таралуы, ол Қазақстан азаматтарының шетелдік және туристік сапарларын шектеді. 2020 жылдың екінші жарты жылдығында елдің кейбір қалаларында төтенше жағдайды енгізуге байланысты айырбастау пункттерінің жабылуы да шетел валютасына сұраныстың төмендеуне әкелді.

Айырбастау пункттерінің алып-сатарлық тәсілмен бағамды көтеруін болдырмау үшін 2020 жылғы 19 наурызда елдегі төтенше жағдай кезінде шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгіледі. Мысалы, АҚШ доллары бойынша ауытқу шегі 6 теңге, еуро бойынша 7 теңге болды.

Қарастырылып отырған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 64,3% (2019 жылғы IV тоқсанда – 74,1%) сатып алуға бағытталды. Ресей рублінің үлесі

26,9% (2019 жылғы IV тоқсанда – 17,4%) және еуро – 8,7% (2019 жылғы IV тоқсанда – 8,3%) болды (27-график).

27-график



Дерекөзі: Ұлттық Банк

3. Депозит нарығындағы жағдай

2020 жылғы I тоқсанда ұлттық валютаның әлсіреуінен қайта бағалауға байланысты валюталық салымдардың едәуір ұлғаюы есебінен депозиттік ұйымдарда депозиттердің өсуі байқалды.

Валюталық депозиттердің өсуі 2019 жылы қалыпты төмендеуден кейін депозиттердің долларлану деңгейінің өсуіне әкелді.

Базалық мөлшерлеменің ұлғаюынан кейін 2020 жылғы 10 наурыздан бастап «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ белгілейтін халықтың салымдары бойынша шекті мөлшерлемелер ұлғайды. 2020 жылғы 26 наурыздан бастап ҚДКҚ валюталық депозиттер бойынша мөлшерлемелерді төмендетті.

А) Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемінің жылдық өсуі алдыңғы тоқсандармен салыстырғанда едәуір жеделдеп, 2020 жылғы I тоқсанда 17,8% құрады. Жыл басынан бері депозиттік портфель 6,6%-ға өсті және 20,3 трлн теңгені құрады (28-график).

28-график



Дереккөз: Ұлттық Банк

Наурызда мұнай бағасының күрт төмендеуі және валюталық депозиттердің қайта бағалануы аясында теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының әлсіреуі депозиттердің өсуінің негізгі факторы болды, нәтижесінде валюталық салымдар 2020 жылғы I тоқсанда 15,5%-ға немесе 1,3 трлн теңгеге өсті. Қайта бағалауды қоспағанда, валюталық салымдар 1,3%-ға төмендеді.


Валюта нарығындағы тұрақсыз ахуал депозиттердің теңге сегментіне де әсер етті, онда үй шаруашылықтарының өздерінің жинақ ақшасын 2020 жылғы наурызда тұрақсыз теңгеден шетел валютасына айырбастау ниетімен байланысты халық салымдарының әкетілуі орын алды. Дегенмен, 2020 жылғы I тоқсанда халықтың теңгедегі салымдарының қысқаруы корпоративтік сектордың теңгедегі салымдарының өсуімен толықтай өтелді. Нәтижесінде, 2020 жылғы I тоқсанда теңгедегі салымдар көлемінің аздап (0,2%-ға) төмендеуі байқалды.

Валюталық бөлігінің ұлғаюы есебінен халықтың салымдары тоқсан ішінде 6,2%-ға өсті және 9,7 трлн теңге болды. Халықтың шетел валютасындағы салымдарының үлесі 2019 жылғы желтоқсандағы 41,3%-дан 2020 жылғы наурызда 47,0%-ға дейін өсті. Халық салымдарының долларлану деңгейінің өсуіне негізінен валюталық салымдарды қайта бағалау әсер етті, оны қоспағанда жеке тұлғалардың салымдарын долларландыру 43,1%

құрады. Сонымен қатар халықтың доллармен көрсетілген валюталық салымдарының көлемінің өсуі байқалды.

Корпоративтік секторда теңге бойынша да, валюталық салымдар бойынша да оң серпін байқалды. 2020 жылдың басында заңды тұлғалардың валюталық депозиттерінің айтарлықтай төмендеуі квазимемлекеттік сектордағы бір қазақстандық компанияның халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты болды, бұл қайта бағалауға байланысты наурыз айында заңды тұлғалардың валюталық депозиттерінің өсуімен ішінара теңестірілді. Нәтижесінде заңды тұлғалардың депозиттік портфелі 10,5 трлн теңгеге дейін 682 млрд теңгеге (немесе 6,9%) ұлғайды (29-график).

29-график




Дереккөз: Ұлттық Банк

2019 жылдың екінші жартысында долларландыру деңгейі 43-44% деңгейінде тұрақтанғаннан кейін, шетел валютасындағы салымдардың үлесі 2020 жылғы I тоқсанда 46,7%-ға дейін өсті. Наурызда айырбастау бағамының едәуір әлсіреуі аясында салымдарды валюталандырудың ең үлкен өсуі байқалды. Бағамдық қайта бағалауды қоспағанда, долларландыру деңгейі 42,8% құрады (30-график).

I тоқсанның басында байқалған корпоративтік сектор сегментінде валюталық депозиттердің әкетілуі салдарынан заңды тұлғалардың салымдарын долларландыру халықтың салымдарын долларландырумен салыстырғанда біркелкі өсті, және I тоқсанның қорытындысы бойынша бөлшек сектормен де, сондай-ақ депозиттерді жалпы долларландырумен де теңесті.

30-график




Дереккөз: Ұлттық Банк

2-қосымша

Өңірлер бөлігіндегі депозиттер

Өңірлер бөлігінде 2020 жылғы наурыз айының аяғында, 2019 жылғы наурыз айымен салыстырғанда, Ақтөбе облысын қоспағанда, барлық өңірлерде банктердегі депозиттердің өсуі байқалды.

Өңірлер бөлігіндегі депозиттердің көлемі (млрд теңге)



Дереккөз: Ұлттық Банк

Депозиттердің көлемі бойынша көшбасшылар Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары болып табылады, олар барлық депозиттердің 2/3 бөлігін құрайды: Алматы қаласының үлесі 7,6 трлн теңге салымдар көлемімен – 43,7%, Нұр-Сұлтан қаласының үлесі 3,7 трлн теңге салымдар көлемімен – 21,3%.

Алматы шетел валютасындағы салымдар көлемі бойынша да көшбасшы болып тұр. Алматы қаласындағы долларландыру деңгейі 60% құрады. Шетел валютасындағы салымдардың жоғары үлесі Атырау облысында (54,2%) және Нұр-Сұлтан қ. (49,4%) сақталып отыр. Долларландыруға ең аз бейім өңірлер - Солтүстік Қазақстан (22,0%) және Түркістан (16,6%) облыстары.

Депозиттердің ең жоғары жылдық өсу қарқыны Атырау облысында (26,5%), Нұр-Сұлтан қ. (23%), Алматы қ. (20,9%) байқалды. Ақтөбе облысында валюталық салымдардың едәуір төмендеуі салдарынан депозиттер көлемі 22,1%-ға азайды.

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері

Әдістемеге сәйкес жеке тұлғалардың жаңадан тартылған салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшерін анықтау және белгілеу[2], мерзімдері қысқа мерзімсіз, мерзімді және жинақ депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелердің мөлшері Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты белгіленеді. Мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі спрэдті қосқандағы базалық мөлшерлемеге тең, 3 және 6 айға мерзімді және жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері мәндердің ең үлкеніне тең: спрэдті қосқандағы орташа алынған нарықтық сыйақы мөлшерлемесі не спрэдті қосқандағы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі.

[2] Әдістеме «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2018 жылғы 12 шілдедегі №12 хаттама).

2020 жылғы 10 наурызда базалық мөлшерлемені көтергеннен кейін, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ұсынылатын сыйақының ең жоғары мөлшерлемесін ұлғайтты.

Өзгерістер бірінші кезекте мерзімсіз салымдар, сондай-ақ 3 және 6 айға мерзімді және жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелерге әсер етті. Мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер 9,8%-дан 12,5%-ға дейін ұлғайтылды. 3 және 6 айға мерзімді депозиттер және 3 айға жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелер 13%-ға дейін өсті.

2020 жылғы 16 наурызда Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры халықтың салымдары бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады. Мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер 13%-ға дейін, 3 және 6 айға қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша 14,0%-ға дейін ұлғайтылды.

Сонымен қатар халық салымдары арасында ең көп табыс әкелетін ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер ұлғайтылды. 1 жылға толықтырылмайтын жинақ салымдары бойынша шекті мөлшерлеме 15,1%-ға дейін, екі жылға - 15,5%-ға дейін ұлғайтылды.

АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемені төмендетуіне байланысты 2020 жылғы 26 наурыздан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры бір жылдан астам мерзімге шетелдік валютадағы мерзімді және жинақ салымдары бойынша шекті мөлшерлемелерді 1%-ға дейін төмендеткен, осылайша шетел валютасындағы депозиттердің барлық түрлері бойынша мөлшерлемелерді бірдей деңгейде белгіледі. Сонымен қатар 2020 жылғы 26 наурызда мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер 12,5%-ға дейін төмендетілді (1-кесте).

1-кесте

Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған салымдары бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерлемелері

		10.03.2020ж. бастап	**16.03.2020ж. бастап**	**26.03.2020ж. бастап**
1.	**Мерзімсіз депозиттер**	12,5	13,0	12,5
2.	**Мерзімді депозиттер (толықтыру құқығы жоқ)**			
	3 айға	13,0	13,0	13,0
	6 айға	13,0	13,0	13,0
	12 айға	11,2	12,2	12,2
	24 айға	11,9	12,9	12,9
3.	**Жинақ депозиттер (толықтыру құқығы жоқ)**			
	3 айға	13,0	14,0	14,0
	6 айға	13,4	14,0	14,0
	12 айға	14,1	15,1	15,1
	24 айға	14,5	15,5	15,5
4.	**Шетел валютасындағы депозиттер**			
	Мерзімділік шарттарына сәйкес келмейтін депозиттер	1,0	1,0	1,0
	Мерзімділік шарттарына сәйкес келетін депозиттер			
	12 айға дейін	1,0	1,0	1,0
	12 ай және одан көп	2,0	2,0	1,0
	Жинақ депозиттер			

	12 айға дейін	1,0	1,0	1,0
	12 ай және одан көп	2,0	2,0	1,0

Дереккөз: Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры

4. Кредит нарығындағы ахуал

Бөлшек сауда және корпоративтік секторларда кредиттік белсенділіктің өсуі байқалады. Тұтынушылық кредиттеу бөлшек сауда секторындағы өсудің негізгі қозғаушы күші болып қала береді, ал корпоративтік сегментте айналым қаражатын толықтыру үшін қысқа мерзімді кредиттердің өсуі байқалады.


2020 жылдың I тоқсанында жаңадан берілген кредиттер көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18,1%-ға немесе 523,3 млрд теңгеге ұлғайып, 3 412,0 млрд теңгені құрады. Берілген кредиттер өсуінің негізгі қозғаушы күші бөлшек сауда секторы болып табылады, оның үлесі жалпы өсудің 18,1%-дан 9,4 пайыздық тармағын құрайды. Бизнеске берілген кредиттер үлесі 8,7 пайыздық тармақты құрады (31-график).

Бұл ретте 2020 жылғы наурызда елде төтенше жағдайдың енгізілуі аясында кредиттік белсенділіктің бәсеңдеуі байқалды. Наурызда берілген кредиттер көлемі 2020 жылғы ақпанмен салыстырғанда 5,0%-ға төмендеді, дегенмен наурызда берілген кредиттердің тарихи көлемі, қаңтар мен ақпанға қарағанда, әрдайым жоғары болатын.

2020 жылғы наурызда кредиттік ресурстар құнының өзгеруі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда заңды және жеке тұлғалар үшін көп бағытты болды. Атап айтқанда, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2019 жылғы наурыздағы 17,8%-дан 2020 жылғы наурыздағы 17,7%-ға дейін 0,1 пайыздық тармаққа аз ғана төмендеді, ал бизнесті кредиттеуге арналған мөлшерлеме 12,0%-дан 12,5%-ға дейін 0,5 пайыздық тармаққа өсті.

31-график

Субъектілер бойынша қаңтар-наурызда берілген кредиттер



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Жеке тұлғаларға берілетін кредиттердің негізгі үлесін құрайтын жаңадан берілген тұтынушылық кредиттер көлемі (4/5), жылдық көрсетуде 2020 жылдың I тоқсанында 24,8%-ға ұлғайды (32-график). Тұтынушылық кредиттеудің өсуі негізінен Оңтүстік Қазақстан облысында берілген кредиттердің өсуі есебінен болды (осы өңірдегі тұтынушылық кредиттер портфелінің 62,9%-ға өсуі кезінде республика бойынша тұтынушылық кредиттердің өсуіне үлесі – 4,9 пайыздық тармақ). Оң үлес сондай-ақ Алматы қ. (8,5% кезінде 3,0 пайыздық тармақ), Нұр-Сұлтан қ. (29,1% кезінде 2,7 пайыздық тармақ) және Қарағанды облысы (23,6% кезінде 1,6 пайыздық тармақ) тарапынан байқалды.

3-қосымша

Өңірлер бойынша жаңадан берілген кредиттер

Елдің барлық өңірлерінде 2020 жылдың I тоқсанында жаңа кредиттер беру өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсті. Алайда, Алматы қаласы кредит нарығы өсуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады, ол өсудің 1/3 бөлігін құрайды. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысы тарапынан айтарлықтай оң үлесі байқалды[3].

Өңірлер бойынша 2020 жылғы қаңтар-наурызда берілген кредиттердің өзгеруі, млрд теңгемен



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Жалпы алғанда, өңірлік бөлуде 2020 жылдың I тоқсанында берілген кредиттердің барынша қомақты сомасы мына өңірлерге тиесілі: Алматы қ. (үлесі – 56,1%), Нұр-Сұлтан қ. (7,9%), Оңтүстік Қазақстан (4,8%), Қарағанды (4,8%) және Атырау облыстары (3,2%).

Егер Нұр-Сұлтан қаласында және басқа өңірлерде банктер қарыздарды көбінесе бөлшек сауда секторына берсе (50%-дан астам), Алматы қаласында банктер негізінен заңды тұлғаларды кредиттеді (үлесі – 78%). Осылайша, заңды тұлғаларға берілген кредиттердің 3/4 бөлігі Алматы қаласына тиесілі.

2020 жылғы наурызда төтенше жағдайдың енгізілуіне қарамастан, бөлшек сауда секторында берілген жаңа кредиттер көлемінің елеулі өсуі байқалады. 2020 жылғы қаңтар-наурызда жеке тұлғаларға берілген кредиттер өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 24,9%-ға ұлғайды. Берілген тұтынушылық кредиттердің өспелі үлесі жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемі өсуінің негізгі факторы болып табылады. Сондай-ақ ипотекалық кредиттердің оң үлесін атап өткен жөн. Өңірлер бойынша бөлшек саудаға кредиттеудің негізгі оң үлесін Оңтүстік Қазақстан облысы (58,3%-ға өсу) және Нұр-Сұлтан қ. (30,7%) қосты.


Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру есебінен ипотекалық кредиттеудің жандануы байқалады. Берілген ипотекалық кредиттердің 90%-дан астамы

[3] ШҚО деген сөз Шымкент және Түркістан облысы дегенді білдіреді.

мемлекеттік бағдарламаларға қатысатын банктерге, сондай-ақ Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне тиесілі. 2020 жылдың I тоқсанында берілген ипотекалық кредиттер көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12,8%-ға өсті. Өңірлер бойынша ипотекалық кредиттердің өсуі Нұр-Сұлтан қ. (14,0%-ға өсу кезіндегі үлесі 4,1 пайыздық тармақ), Қарағанды (64,6% кезінде 2,8 пайыздық тармақ) және Шығыс-Қазақстан (43,9% кезінде 2,2 пайыздық тармақ) облыстары есебінен болды. Сондай-ақ исламдық ипотека берудің өсуі байқалады.

32-график

Қаңтар-наурызда жеке тұлғаларға берілген кредиттер




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Экономиканың нақты секторы тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың біртіндеп қалпына келуі байқалады. 2020 жылғы қаңтар-наурызда бизнеске берілген кредиттер көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 14,0%-ға өсті. Өңірлер бойынша заңды тұлғаларға берілген кредиттер өсуінің ең көп үлесі Алматы қ. (9,5%-ға өсу кезіндегі үлесі 7,3 пайыздық тармақ) тиесілі. Нұр-Сұлтан қ. үлесі 47,9%-ға өсу кезінде 1,9 пайыздық тармақты құрады, бұл ретте Жамбыл (2,35%-ға төмендеу кезінде -0,2 пайыздық тармақ) және Ақмола (11.5%-ға төмендеу кезінде -0,1 пайыздық тармақ) облыстарында төмендеу байқалды.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталды (87,3%), оның ішінде 95%-ы қысқа мерзімді (1 жылдан аз) болып табылады. Бұл ретте негізгі қорларды иемденуге кредит берудің 19,2%-ға өсуі байқалды.


Салалар бойынша бөлуде заңды тұлғаларға берілген кредиттердің өсуіне қосқан елеулі үлес өнеркәсіп (42,5%-ға өсу кезіндегі үлесі 8,3 пайыздық тармақ), көлік (75,0% кезінде 2,5 пайыздық тармақ), ауыл шаруашылығы (55,6% кезінде 0,7 пайыздық тармақ) салаларына және басқа салаларға (63,9% кезінде 4,4 пайыздық тармақ) тиесілі. Сонымен қатар саудадағы кредиттік белсенділік өткен жылмен салыстырғанда 3,8%-ға азайды (33-график).

33-график



2020 жылғы қаңтар-наурызда жеке тұлғаларды ұлттық валютада нетто кредиттеудің оң үлесі[4] (2020 жылғы 3 айда 164,8 млрд теңгеге өсті) байқалды. 2020 жылғы қаңтарда көбінесе заңды тұлғаларды таза кредиттеудің төмендеуі есебінен нетто кредиттеудің айтарлықтай азайғаны (-188,4 млрд теңге) байқалды. Бұл төмендеу AQR жүргізу шеңберінде жұмыс істемейтін кредиттерді есептен шығару есебінен болды. 2020 жылғы 3 айда берілген және өтелген жаңа кредиттер арасындағы айырмашылық жеке және заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы нетто-кредиттерінің өсуі есебінен оң (119,0 млрд теңге) болды (34-график).

34-график



Дереккөз: Ұлттық Банк


2020 жылғы I тоқсанда кредиттік портфель көлемі жыл басынан бері 3,2%-ға, жылдық көрсетуде 14,7%-ға ұлғайып, 14,3 трлн теңгені құрады (35-график). Валюталық

[4] Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырма болып табылады

кредиттерді бағамдық қайта бағалауды есептемегенде экономиканы кредиттеу жыл басынан 0,6%-ға, жылдық көрсетуде 11,7%-ға өсті. Тұтынушылық кредиттердің өсіп келе жатқан үлесі жеке тұлғалардың кредиттік портфелі, сондай-ақ жалпы көлемі өсуінің негізгі факторы болып табылады.

35-график

Экономиканы кредиттеу көлемінің серпіні



Дереккөзі: Ұлттық Банк

5. Қор нарығындағы ахуал

2020 жылғы I тоқсанда қор нарығы коронавирустың таралуына, пандемияның енгізілуіне және мұнай бағасының құлдырауына байланысты әлемдік экономика перспективаларының айналасындағы белгісіздік аясында едәуір түзетілді.

2020 жылғы қаңтарда ҚР қаржы Министрлігі 2020 жылға арналған жалпы сомасы 1 669 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының кестесін (өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға өсті) жариялады. Бастапқы нарықтағы мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 4,1 есе өсіп, 533,7 млрд теңгені құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының байқалатын өсуі кірістіліктің тәуекелсіз қисығының орта мерзімді және ұзақ мерзімді сегменттерін құруға бағытталған.

Корпоративтік секторда қаражатты тарту алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 289,4 млрд. теңгеге дейін 49,8%-ға қысқарды. Корпоративтік облигациялар эмитенттерінің арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығарудың айқын үрдісі байқалды. Квазимемлекеттік сектор мен ЕДБ орналастыру көлемі бойынша көшбасшылар болып қала береді.


А) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.

KASE бастапқы нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалатын операцияларға тиесілі. Ағымдағы жылғы I тоқсанда 510,3 млрд теңге сомасына Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары орналастырылды. 2020 жылғы қаңтар-наурызда 17 аукцион өткізілді, онда 9,47% - 12 ауқымында өтеуге кірістілігі бар орта мерзімді және ұзақ мерзімді МЕОКАМ және МЕУКАМ орналастырылды (36-график).

Тоқсан бойы жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастырудың қалыпты көлемі байқалды. Ағымдағы жылғы I тоқсанда 4 облыс және 1 республикалық маңызы бар қала 23,4 млрд. теңге сомасына жылдық 0,35% орташа мөлшерленген кірістілігі бар 2 жылдық мемлекеттік облигация орналастырды.

36-график

2020 жылғы 1 тоқсанда мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Кірістілік қисығы[5] 2020 жылғы ақпанның басында 1 жылға дейінгі сегменттегі қысқа мерзімді қағаздарға қатысты ұзақ мерзімді қағаздардың жоғары кірістілігі нәтижесінде

[5] Қазақстан қор биржасының ресми сайтында жарияланған мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілік функциясын айқындаудың жаңа әдістемесіне сәйкес.

неғұрлым дөңес пішінді көрсетті. Бұл ретте, 2020 жылғы наурызда Ұлттық Банктің базалық ставкасының 12,0%-ға дейін көтерілуі (2020 жылғы 10 наурызда) нәтижесінде қисық жоғары көтерілді. Қысқа мерзімді секторда сыйақы мөлшерлемелерінің өсуі байқалды, ал орта мерзімді міндеттемелердің кірістілігі шамалы төмендеді. Басқа бағалы қағаздарға қатысты бір жылға дейінгі мерзімі бар бағалы қағаздардың неғұрлым жоғары кірістілігінің үрдісі сақталуда (37-график).

37-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы.

KASE деректеріне сәйкес KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 49,8%-ға қысқарып, 2020 жылғы I тоқсанда 289,4 млрд теңгені құрады. Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 58,3%-ға азайып, 2020 жылғы I тоқсанда 232,8 млрд теңгені құрады. Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің үлесі корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемінің 80,5%-на жетті. Қарастырылып отырған кезеңде барлығы 7 Эмитент орналастырды (38-график).

38-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Тартудың негізгі үлесі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (55,5% немесе 129,2 млрд теңге), «Баспана» ИҰ» АҚ (34,1% немесе 79,5 млрд теңге), «FirstHeartlandJysanBank» АҚ (6,4%

немесе 15 млрд теңге), «СевКазЭнерго» АҚ (2,1% немесе 5 млрд. теңге), «ҚазАгроҚаржы» АҚ (1,5% немесе 3,5 млрд теңге) болды (39-график).

39-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Уақыт шегі бойынша барлық 18 орналастыру 1 жылдан асатын мерзіммен жүзеге асырылды. «Баспана» ИҰ» АҚ эмитенті өтеуге дейінгі 1,8 - 3 жыл мерзімімен 8 орналастыру, «ҚазАгроҚаржы» АҚ – 4,9 жыл мерзімімен 2 орналастыру, «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ – 6,5 жыл мерзімімен 1 орналастыру, «СевКазЭнерго» АҚ – 7 жыл мерзімімен 1 орналастыру, «Технолизинг» АҚ – 3,8 жыл мерзімімен 1 орналастыру, «First Heartland Jysan Bank» АҚ – 10 жыл мерзімімен 1 орналастыру, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – 1,1 жыл мерзімімен 4 орналастыру (40-график) жүзеге асырды. 2020 жылғы I тоқсанда анағұрлым ұзағырақ міндеттемелерді, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «Баспана» ИҰ» АҚ, «First Heartland Jysan Bank» АҚ тарапынан шығару үрдісі байқалды. Ең ұзақ корпоративтік облигацияларды квазимемлекеттік сектордағы институционалды инвесторлар шығарды.

40-график

Бастапқы нарықта орта/ұзақ мерзімді корпоративті облигацияларды (1жылдан астам) орналастырудың уақыт шегі



** «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ*

*** «First Heartland Jysan Bank» АҚ*

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы